



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 6 маусым

### ҚР Ұлттық Банкі сарапшылармен кездесу практикасын жалғастырып отыр

ҚР Ұлттық Банкінің өкілдері бүгін қаржы нарығының сарапшыларымен ҚРҰБ жүргізіп отырған қаржы реттеушісінің ақша-кредит саясатына, сондай-ақ қаржы реттеушісінің базалық мөлшерлеменің деңгейін 11%-дан 10,5%-ға дейін төмендету жөніндегі шешімімен байланысты мәселелерді талқылады.



ҚРҰБ Зерттеулер және статистика департаментінің директоры Виталий Тутушкин базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер қабылдау кезіндегі негізгі факторлар, оның ішінде инфляция және инфляциялық күтулер туралы айтып берді. Оның айтуынша, «жылдық көрсеткіш бойынша инфляция мамыр айында нысаналы дәлізде болды». Ол сондай-ақ халық арасында мамыр айында жүргізілген пікіртерімнің нәтижелерін атап өтті, олар «инфляциялық күтулердің тұрақты екенін көрсетті». «Қабылданатын ағымдағы инфляция деңгейі – бұл адамдардың баға деңгейін қалай көретіні және сезетіні туралы субъективтік пікірі – баға деңгейі төмендейді, ал халық келесі айда және бір жылдан кейін бағаның неғұрлым төмен өсу қарқынын күтеді», – деді В. Тутушкин.

Ол сондай-ақ халықтың валюталық артықшылығының теңге жағына қарай ауысуының жалғасып отырғанын хабарлады. «Осындай жағдайды біз қолма-қол шетел валютасы нарығында және сол сияқты депозит нарығында да байқап отырмыз», - деп атап өтті ол.

Сонымен қатар, ол кезекті болжамдық кезеңнің нәтижелері туралы айтты, онда мұнайдың бағасы бойынша мынадай 3 сценарий қаралды: бір баррель үшін 40, 50 және

60 АҚШ доллары. «Өткен жылдың соңынан бастап мұнай бағасының бір баррель үшін 50 АҚШ долларынан асқанын және оның бұдан кейінгі серпіні бойынша бағалаудың оң екенін ескере отырып, біз осы сценарийді базалық ретінде қарадық, – деп атап өтті В. Тутушкин. – Бағалау бойынша базалық сценарий кезінде инфляция 2017 жылы 6-8% нысаналы дәліз шегінде орнықты түрде болады. Жылдық инфляция өткен жылдың соңында база төмен болғандықтан шамалы болуы және 4-тоқсанда қысқа мерзімде көтерілуі мүмкін. 2018 жылы инфляция тағы да біртіндеп көтеріліп, 2018 жылы 5-7% нысаналы дәлізге кіре бастайды». Сонымен қатар В Тутушкин 2017 және 2018 жылдары экономиканың өсу қарқынының жеделдейтіні күтіледі деп хабарлады.

Оның айтуы бойынша, Ұлттық Банк үшін маңызды бағдар нақты көрсетудегі базалық мөлшерлеме, яғни инфляцияның нысаналы деңгейі шегерілген номиналды мөлшерлеме болды. «Оны 4%-дан асырмай, яғни экономикалық өсудің ұзақ мерзімді әлеуетті қарқынымен салыстырмалы деңгейде ұстап тұру жоспарланып отыр», – деп нақтылады ол.

Ұлттық Банк уақытша сипаты бар инфляцияны төмендету үшін кредиттік талаптарды қатаңдатумен дең қою орынсыз деп санайды, деп толықтырды В. Тутушкин. «Мысалы, ұсыныс жағынан шығасылардың өсуіне байланысты және ақша-кредит саясаты тұрғысынан автономдық сипаты бар инфляция. Сұраныс жағында қолданылатын монетарлық талаптардың өзгеруі жоспарлау деңгейінде инфляцияға тікелей әсері болмайды», – деді ол.

В. Тутушкин Ұлттық Банктің өз шешімдерінде ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді ауқымдағы пәрменділігін шектеуі мүмкін кредиттеу талаптарының тұрақсыздығына байланысты тәуекелдерді ескеретінін қоса айтты. «Өтімділіктің артық болуына қарамастан, банк капиталының шектеулілігі қорландыру құнына қарағанда, кредитті ұсынуды тежейтін едәуір маңыздырақ фактор болып табылады», – деп қорытындылады ол.

ҚРҰБ-ның Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Әділ Мұхамеджанов кездесуге қатысушыларға арналған таныстырылыммен сөз сөйлеу кезінде ҚРҰБ жүргізетін транспаренттілігін арттыру шеңберінде қаржылық реттеуші 2016 жылғы сәуірден бастап өзінің ресми сайтында ҚРҰБ операциялары бойынша ашық позициялары жөніндегі деректерді күн сайын жариялауды бастады. «Қазіргі кезде банк жүйесінде депозиттерді конвертациялау үдерісіне және мемлекеттік пен квазимемлекеттік секторларының қомақты шығыстарына байланысты теңгедегі өтімділік айтарлықтай артық болып отыр. Сондықтан, ҚРҰБ артық өтімділікті сіңіру үшін операцияларды, көбінесе қысқамерзімді ноттарды орналастыру бойынша аукциондар өткізу арқылы жүзеге асырады», – деді ол. – 2017 жылғы 5 маусымдағы жағдай бойынша ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу нәтижесінде ҚРҰБ операцияларының сальдосы жалпы сомасы тиісінше (-) 877 млрд теңгені және (-) 2 979 млрд теңгені құрайтын тұрақты қолжетімді операциялары және ашық нарықтағы операциялар арқылы өтімділікті алуды қоса алғанда (-) 2 634 млрд теңгені құрады».

А. Мұхамеджанов кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді секторлары кірістілігінің шыңы 2016 жылғы сәуірдің ортасына тиесілі екендігін хабарлады. ҚР Ұлттық Банкінің және ҚР Үкіметінің кірістіліктің тәуекелсіз қисығын қалыптастыру бойынша бірлескен іс-қимылдары нәтижесінде кірістілік төмендеді. Осылайша, оның айтуынша, 2016 жылғы сәуірде байқалған кірістілік қисығының инверсиялық нысаны қалпына келуге тырысуда.

«2016 жылдан бастап айналыста болған қысқа мерзімді ноттар көлемінің орнықты өсуі байқалады. 2016 жылғы мамырдан бастап бейрезиденттер және бастапқы агенттер болып табылмайтын заңды тұлғалар тарапынан қысқа мерзімді

ноттарға деген жоғары сұраныс байқалды», – деп ол өзінің таныстырылымына түсініктеме берді.

А. Мұхамеджанов сондай-ақ валюта нарығындағы ахуал тұрақты болып отырғандығын хабарлады. «Қазіргі кезде айырбастау бағамы нарықтық болып табылады, яғни валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың негізінде қалыптастырылады. Мұнайдың бағасы және саудадағы әріптес елдер валютасының бағамы теңге бағамының қалыптасуына ықпал ететін негізгі факторлар болып табылады. 2016 жылғы ақпаннан бастап салық аптасы және депозиттерді доллардан теңгеге айырбастау сияқты ішкі маусымдық факторлар салдарынан валюта нарығында шетел валютасын артық ұсыну және тиісінше теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы байқалды. Осыған байланысты ҚРҰБ АҚШ долларының артық ұсынысын сатып алуды жүзеге асырды. 2016 жылғы шілдеден бастап валюта нарығында шетел валютасына деген сұраныстың оның ұсынысынан асуы байқалды, осының салдары ретінде ҚРҰБ шілдеде және тамызда шетел валютасын сатуды жүзеге асырды. Валюта нарығындағы ахуалды тұрақтандыру Ұлттық Банк өктемдігінің көлемін нөлге жеткізуге мүмкіндік берді. Мәселен, 2016 жылғы қыркүйектен бастап Ұлттық Банктің қатысу үлесі нөлге тең», – деді ол.

Таныстырылымнан кейін Ұлттық Банктің өкілдері сарапшылардың сұрақтарына жауап берді, олар елдің қаржы нарығындағы ахуал туралы ақпаратты алу үшін осындай кездесулерді өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Базалық мөлшерлеме туралы кезекті шешім 2017 жылғы 17 шілдеде Астана уақыты бойынша сағат 17.00-де жарияланатындығын еске саламыз.



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)